

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы білім алушыларды белгілі бір кезеңге елдегі немесе шетелдегі озық оқу орындарына білімін жетілдіруге, тәжірибе алмасуға жіберуді көздейді. Ал, оның артықшылықтары қандай дегенге келсек, біріншіден, білім алушылар өздерін басқа ортада сынап көруге мүмкіндік алады. Яғни тәжірибе алмасу көюкиегі кеңейеді. Екіншіден, болашақ маман ретінде біліктілігін арттырады. Үшіншіден, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіре түседі. Төртіншіден, ел көріп, жер көріп, өзінің таным аясын кеңейтеді.



Көре-көре көсем болады

Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына «Эразмус+», «MEVLANA» академиялық алмасу бағдарламасы, халықаралық стипендиялық бағдарламалар кіреді.

Осы ретте айта кетуіміз керек, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті бұл игіліктерді тиімді пайдаланып жүр. Айталық, аталған оқу орнының ветеринарлық медицина кафедрасы ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында белсенді жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда аталған білім ордасы Ресейдің Н.В.Парахина атындағы Орлов мемлекеттік аграрлық университеті, Оренбург мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей Халықтар Достығы университеті, Санкт-Петербург мемлекеттік ветеринария университеті, Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті, Самарқан мемлекеттік ветеринарлық медицина және биотехнология университеті және тағы басқа да білім ошақтарымен тығыз байланыста жұмыс істеуде. Сондай-ақ, тәжірибеден өту туралы келісімшарт негізінде біздің білім алушылар «Logo e.v. Одағы» коммерциялық емес қауымдастықтың ұйымдастыруымен Германияда болып, ондағы шаруа қожалықтарының жұмысымен танысты. Дәлірек айтсақ, Хартвиг Меннен жетекшілігімен «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша 3-4-курс студенттері Батыйхан Аманөліұлы, Руслан

Маратұлы, Тұрар Есетұлы, Нұрай Досжанова, Захер Захида, Бекжан Қалдарбек тәжірибе алмасып келді.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша бүгінгі таңда Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университет студенттері Мағжан Дулатұлы, Ілияс Манасұлы және Аян Ерболұлы біздің университетке келіп, білімдерін жетілдіріп жүр. Сонымен қатар Диана Абайқызы Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде ішкі академиялық оралымдылық бағдарламасы бойынша білім алуда.

К.БАЙЖАНОВ,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің ветеринарлық медицина кафедрасының доценті, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты.

Н.ТҰТҚЫШБАЙ,

ветеринарлық медицина кафедрасының доценті, ветеринария ғылымының кандидаты, «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері.

СУРЕТТЕ: Германия елінде тәжірибеден өткен университет студенттері.